



«Арайлы алтын күз»



«Балдырған» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Жұмабаева.А.Б

Дүкенбаева.А.А

Шымкент 2022ж

Арайлы, Алтын күз!

Музыка әуенімен балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер ата-аналар! Армысыздар ұлағатты тәрбиешілер! Сәлеметсіңдер ме бүлдіршіндер! Бүгінгі «Балдырған» тобының «Арайлы, Алтын күз» ертеңгілігіне қош келіпсіздер! Берекелі, мерекелі алтын күз құтты болсын!

Жүргізуші:

Армысыздар халайық,
Бармысыздар халайық.
Күзгі тойда жұп бұзбай,
Келіңіздер қарсы алайық.
Қуан! Шаттан! Алақай!
Қуанатын күн келді,
Мерекелі күз келді,
Берекелі күз келді.
Ән шырқайық күзге енді.

Ән: «Алтын күз»

Балалар сендерге әуелі жұмбақ жасырайын. Таба алсаңдар шешімін, ортаға қонағымды шақырамын.

Жұмбақ:

Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін,
Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін.

Балалар: Күз.

Сол кезде музыка ыргағымен Күз ханшайымы кіреді.

Күз ханшайымы:

Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным.
Молшылыққа кенеліп,
Сыйлығына қаныңдар,
Шаттық әнге салыңдар.

Жүргізуші: Қош келдіңіз Алтын күз! Ал, балалар біздің қонақжай екенімізді танытып, бар өнерімізді көрсетейік. Олай болса құрметті қонақтар кішкентай балапандарымыздың күз мезгіліне арнаған такпақтарын қабыл алыңыздар!

Абдирахман: Күздің қазан айында,
Алмұрт, алма піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр –сыбдыр түседі.

Сафия: Күзім, күзім, күзім,
Пісті алма, жүзім.
Тұрғанда бәрін күз беріп,
Кел алайық біз теріп.

Абдурашид: Сап-сары маңай,
Сап-сары тоғай.
Соңғы ән айтып,
Құс кетті қайтып.

Алуа : Алтын, сары, қызыл көк.
Алуан, алуан жапырақ.
Күлімдейді жылтырап,
Көз тартады жалтырап.

Айлин: Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерді жинауға,
Шақырады біздерді.

Ақбаян: Көбейді құт мереке,
Астық толы қамбамыз.
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз.

Жүргізуші: Ән салындар күлiндер
Жайнап гүлдей жүрiндер
Күздің тойын тойлайық
Би, билейiк ойнайық, бүлдіршiндерiмiздiң биiн кабыл алайық!

Би: « Аралар биі »


Күз ханшайымы: Балалар мен сендерге мерекеге өзiмнiң жемiстерiммен
көкөнiстерiмдi ала келдiм, қане бәрiмiз бiрге ойын ойнайық.

Ойын: «Жемістер мен көкөнiстердi жинау»

Жүргізуші: Күз ханшайымы мына ойыныңыз керемет екен, бiзге ұнады, ендi
бiздiң кiшкентай балапандарымыздың өлең шумақтарын тамашалаңыз!

Каусар: Өрiк ,шие балы бар.
Қауын, қарбыз көбейдi.
Жегiң келсе бәрiн ал,
Неге аласың демейдi.

Мансур: Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды.
Қыс келдi жар салып,



Күзгі суық басталды.

Қарақат: Алақай, алақай

Шаттанды балақай.

Күз пісті, дән пісті,

Айтамыз алғысты

Айша: Қандай өзі бергені,

Алмасын – ай, алмасын.

Жемісі көп недеген,

Жеп тауыса алмайсың.

Файз: Қамба толы астыққа,

Алғыс саған алтын күз.

Бір уыс дән шаштықта,

Қап-қап қауын алдық біз.

Аяла: Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерді жинауға ,

Шақырады біздерді.

Би: «Бұлттар биі»


Жүргізуші: Ән салыңдар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер

Күздің тойын тойлайық

Би, билейік ойнайық, бұлдіршіндеріміздің орындауында Жаңбыр тамшылар
әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Жаңбыр тамшылары»



Күз ханшайымы:Балалар менінде қайтатын уақытым болған сияқты сендермен уақытымды өте тамаша өткіздім,рахмет сендерге өте өнерлі екенсіңдер сау болыңдар!

(Күз ханшайымы шығып кетеді.)

Жүргізуші:

Жапқандай жапырағымен іздерді,

Қуантып байлығымен біздерді.

Міне бүгін мерекені аяқтадық,

Қоштасамыз есен аман саулық тілеп,

Құрметпенен шығарып сап сіздерді!

Осымен біздің «Арайлы Алтын күз»атты ертеңгіліміз аяқталды,көріп тамашалағандарыңызға рахмет!Сау болыңыздар!